



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### Наурыз айында іскерлік белсенділік өндіріс пен қызмет көрсету саласында артты

2026 жылғы наурыздағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі


Астана қ.

2026 жылғы 3 сәуір

2026 жылғы **наурызда** іскерлік белсенділік өндіріс пен қызмет көрсету саласында оң аймақта қалды: индекстер тиісінше **50,5** және **50,7** деңгейінде қалыптасты (ақпанда — 51,8 және 50,7). Құрылыс, сауда және тау-кен өнеркәсібінде көрсеткіштер төмендеу аймағында қалып, тиісінше **44,6**, **48,0** және **49,6** болды (ақпанда — 45,1, 47,6 және 49,7).

Ал 2026 жылғы наурызда **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** жақсарып, **7,6** (ақпанда — 3,8) болды. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағына өтті. Қазіргі ахуалға берілген баға аздап қана оң нәтиже көрсетті, ал келешек жағдайға қатысты оптимизм айтарлықтай жақсарды.

Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы\*



\* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.

Сонымен қатар респонденттер сұраныс өндіріс пен қызмет көрсету секторында жақсарғанын, сауда мен құрылыста – біршама төмендегенін атап өтті.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)